

Бекітемін

Мектеп директоры:  М.Дуйсеев

«№8 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және Төлеби АПБ ЖПҚ ЮПТ мектеп инспекторының құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары бойынша 2022-2023 оқу жылындағы бірлескен жұмыс жоспары

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жоспармен педагогикалық кеңесті таныстыру.	Тамыз	ДТПЖО К.Доспаева
2	Мектептегі тәрбиесі қиын, ерекше назарды қажет ететін оқушылардың есебін алып, тізімін жасау.	Қыркүйек Қаңтар	ДТПЖО К.Доспаева сынып жетекшілер, мектеп инспекторы С.Асанова
3	Оқушылардың сабаққа қатысуын қалыптастыру, есебін анықтау, рәсімдеу (АКТ түзу) және ата-анасымен байланыс жасау.	Күнделікті	ДТПЖО К.Доспаева, әлеум пед М.Айнабекова сынып жетекшілер, мектеп инспекторы С.Асанова
4	«Жол қауіпсіздігін сақтау», «Жасөспірімдер тарапынан жасалатын қылмыс пен жаза», «Азаматтардың, балалардың құқықтары мен бостандықтары», «Бала тәрбиесіндегі ата-аналардың заң алдындағы жауапкершілігі» т.б. тақырыптарда полиция қызметкерлерінің оқушыларға лекция сабақтарын өткізіп тұру.	Әр айда бір реттен	ДТПЖО К.Доспаева әлеум пед М.Айнабекова сынып жетекшілер, мектеп инспекторы С.Асанова
5	Ерекше назардағы оқушылардың сабаққа қатысуын және олардың үлгерімін бақылау үшін сабаққа ену.	Әр аптада бір реттен	ДТПЖО К.Доспаева, психолог М.Бекзатова сынып жетекшілер
6	«Азамат» ұлдар ұйымының жиналысы	Әр айда бір реттен	ДТПЖО К.Доспаева, Б.Абдиев сынып жетекшілер, мектеп инспекторы С.Асанова
7	«Бойжеткен» қыздар ұйымының жиналысы	Әр айда бір реттен	ДТПЖО К.Доспаева психолог М.Бекзатова сынып жетекшілер, Г.Ояева
8	Ата-аналар жиналысы	Дер кезінде	ДТПЖО К.Доспаева сынып жетекшілер, мектеп инспекторы С.Асанова
9	Ерекше назардағы оқушылардың ата-аналарымен жұмыс алып бару.	Айына бір рет	ДТПЖО К.Доспаева психолог М.Бекзатова сынып жетекшілер, мектеп инспекторы С.Асанова
10	Мектеп оқушылары мен АПБ қызметкерлерімен кездесу сабақтарын өткізу	Тоқсанына бір рет	ДТПЖО К.Доспаева психолог М.Бекзатова сынып жетекшілер, мектеп инспекторы С.Асанова
11	Мектепшілік есепте тұратын және қатаң бақылауды қажет ететін оқушылардың мектеп шараларына, үйірме жұмыстарына (спорттық, мәдени) қатысуын бақылау.	Үнемі	ДТПЖО К.Доспаева психолог М.Бекзатова сынып жетекшілер, мектеп инспекторы С.Асанова
12	Оқушыларды Төлеби АПБ тәрғеу мекемелеріне экскурсиялар ұйымдастыру.	Қараша	ДТПЖО К.Доспаева, ұйымд пед Н.Айтпаева сынып жетекшілер, мектеп инспекторы С.Асанова
13	Кезекші мұғалімдер мен мектеп инспекторы	Үнемі	ДТПЖО К.Доспаева

	бірлесе таңертеңгі және түскі мезгілде оқушылардың мектепке келіп кету кезеңде жолдан қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету.		психолог М.Бекзатова сынып жетекшілер, мектеп инспекторы С.Асанова
14	Ислам дінінде басқа бағыттарды ұстайтын оқушылармен профилактикалық жұмыстар және оқу кезінде сабаққа қатыспай жұма намазға баратын оқушылармен жұмыс жүргізу.	Үнемі	ДТДЖО К.Доспаева психолог М.Бекзатова, әлеум. пед. М.Айнабекова сынып жетекшілер, мектеп инспекторы С.Асанова
15	Көпшілік орындарға (ойынханаларға, кіші клубтарға, би алаңдарына) кешкі рейдтер ұйымдастыру.	Мереке күндері	ДТДЖО К.Доспаева психолог М.Бекзатова сынып жетекшілер, мектеп инспекторы С.Асанова
16	Жылдық қорытынды	Мамыр	ДТДЖО К.Доспаева психолог М.Бекзатова мектеп инспекторы С.Асанова

Жоспар түзген ДТДЖО:  К.Доспаева

Мектеп инспекторы:  С.Асанова

ТӨЛЕБИ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналық мемлекеттік
мекемесі

101100, Төлеби ауданы, Жастар көшесі, 14-а
Тел: 8172547, 8155-68, БСН: 3009400314

14.10.2024ж. № 43

ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРНОСТАВСКОГО РАЙОНА
Коммунальное государственное
учреждение
«Общеобразовательная школа №8»

101100, Төлеби ауданы, Жастар көшесі, 14-а
Тел: 8172547, 8155-68, БСН: 3009400314

Төлеби ауданының білім
бөлімінің басшысы
Б. Гойдышевқа

Мәлімет

2024-2025 оқу жылында Төлеби АНБ-де жалғыз мектеп білдік есепте
тұрған оқушы жоқ екенін мәлімдеймін.

Мектеп директорының м.у.а:



Б. Тастанов

ТОЛЕБІН АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДСКОГО РАЙОНА
Коммунальное государственное
учреждение
«Общеобразовательная школа №8»

01100, Төлебір қаласы, Қазақстан Республикасы
Тел.: 8(72547) 6-28-08, 6(71) 111-64-00/107

01100, Төлебір қаласы, Қазақстан Республикасы
Тел.: 8(72547) 6-28-08, 6(71) 111-64-00/107

МКОДМ № 8

Төлебін ауданының білім
бөлімінің басшысы
Б.Тойлыбаева

Мәлімет

«№8 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де 2024-2025 оқу жылында оқушылардың мектеп формасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2016 жылғы 14-қаңтардағы №26 бұйрығына сәйкес. Мектепте бірыңғай мектеп формасы барлық оқушыларда сақталғандығын мәлімдеймін.

Мектепте сабақтан себепсіз 10 (он) күннен артық уақыт оқушы жөк екенін мәлімдеймін.

Мектеп директорының м.у.а.



Г. Тастанов

ТҰРКІСТАН ОБЛЫСЫ ПОЛИЦИЯ
ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ
ТӨЛЕБИ АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ



АНЫҚТАМА

Төлеби ауданы, Шахта-тоғыс ауылында орналасқан №8 жалпы білім беретін мектебінің оқушылары Төлеби АПБ-нің ЖПҚБ ювеналдық полиция тобында профилактикалық және тізімдік санаттары бойынша есебінде тұрмайды.

Анықтама тиісті орынға берілді.

Төлеби АПБ-нің ЖПҚБ ЮПТ УПИ
полиция аға лейтенанты



Д.Жаңабай

«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Құқық бұзушылықтың алдын алу

бойынша жоспар

(мектеп ішінде, аудандық ИДН тіркеуіне алынғандар,

жайсыз отбасылар тізімі және олармен

атқарылған жұмыстар, рейдтік іс-шаралар)

2023-2024 оқу жылы

ТӨЛЕБІН АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӨЛЕУЕТТІ
ДАМУЫ БӨЛІМІНІҢ
«№8 жалпы орта білім беретін
мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ОТДЕЛ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
ТОЛЕБИНСКОГО РАЙОНА
Коммунальное государственное
учреждение
«Общеобразовательная средняя
школа №8»

БҮЙРЫҚ

31.08.2023 ж.
Ленгер қаласы

ПРИКАЗ

№101
город Ленгер

**Құқық бұзушылықтың алдын алу
бойынша «Құқықтық кеңес» құру және
жұмысын үйлестіру туралы**

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңының негізінде
БҮЙЫРАМЫН:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша «Құқықтық кеңес» құру және жұмысын үйлестіру бойынша мектепшілік 2023-2024 оқу жылында құқықтық тәрбие жөнінен құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын іске асыру негізінде «Құқықтық кеңесі» құрылсын.

2. «Құқықтық кеңесінің» құрамы төмендегідей болып бекітілсін:

Құқық кеңесінің төрағасы

М.Дуйсеев

Төраға орынбасары

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

К.Доспаева

Мүшелері:

1. АӨД пәнінің мұғалімі

Б.Абдиев

2. Мектеп психологы

М.Бекзатова

3. Өлеуметтік педагог

Г.Ояева

4. Қамқоршылық кеңестің төрағасы

Г.Орынбаева

5. Ата-аналар комитетінің төрағасы

Д.Ембаева

3. Құқықтық кеңесінің жұмыс жоспары №1 қосымшаға сәйкес жасалынсын.

4. Құқықтық кеңесінің жоспарына сай әр төксанда бір рет құқықтық кеңестің отырысы жүргізілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Доспаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



М.Дуйсеев

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі қызметін ұйымдастыру.

Қажетті құжаттар тізімі:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі Ережесі.
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесін құру туралы бұйрық.
3. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің оқу жылына арналған жұмыс жоспары.
4. Мектепшілік есепке алу және тіркеуден шығару туралы ереже.
5. Мектепшілік есепке қою туралы ескертпе-хабарламалар.
6. Мектепшілік есепте тұрған оқушылардың тізімі.
7. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің хаттамалары.
8. Мектепшілік есепте тұрған оқушылардың мінездемелері.
9. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі қызметінің сараптамасы (жылдық).
10. Жасөспірімдер арасында қанғыбастылықтың пайда болуы және құқықбұзушылыққа әкелуші себептерді анықтау, құқықбұзушылық пен қылмыс жасаудың жай-күйін саралау-талдау мониторингі.

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі туралы Ереже.

Жалпы ережелер

1.1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құқық бұзушылықтың алдын алу үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналардың (заңды тұлғалардың), қоғамдық ұйымдардың қызметін біріктіреді.

1.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі өз жұмысын Қазақстан Республикасы заңнамалары негізінде іске асырады.

2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің құрылымы мен ұйымдастыру жұмыстары.

2.1. Мектептің құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің құрамы:

- а) Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі тәрағасы (тәрайымы) - мектеп директоры;
- б) Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің хатшысы;
- в) Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің мүшелері: мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналар, жоғары сынып оқушылары, мектеп инспекторы.

2.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жұмысында шақыру бойынша ІІБ инспекторы, дәрігерлер, жергілікті әкімшілік қызметкерлері қатыса алады.

2.3. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жұмысына кеңес тәрағасы – мектеп директоры басшылық етеді.

2.4. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысы айына бір рет өткізіледі.

2.5. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі шешімі көпшілік дауысымен қабылданады.

2.6. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің отырысы, барысы мен қабылданған шешімдері хаттамаланады.

2.7. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі мүшелерінің сандық және сапалық құрамы жыл сайын педагогикалық кеңесте қаралып, мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

3. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі принциптері, мақсаттары мен міндеттері:

3.1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің қызметі төмендегі принциптерге негізделген :

- заңдылық, демократия және кәмелетке толмағандарға ізгілікпен қарау;
- кәмелетке толмағандар мен олардың отбасыларына жеке қарым-қатынас;
- алынған ақпараттың құпиялылығын сақтау.

3.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі - алқалы орган болып табылады, оның мақсаты жоспарлау, әлеуметтік қауіпті жағдаяттардың

(баланың қадағалаусыз қалуының, құқық бұзушылықтың, қоғамға жат іс-әрекеттер) алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру және орындалатынын бақылау болып табылады.

3.3. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуына, қылмыс жасауына, құқық бұзуына, қоғамға қарсы іс-әрекет жасауына себеп болған жағдайларды анықтау және жою;

- кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

- әлеуметтік қиын жағдайдағы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық оңалту;

- кәмелетке толмағандардың қылмыстық және қоғамға қарсы істерге қатысуын анықтау және жолын кесу;

4. Арнайы, жеке алдын алу жұмыстарын жүргізетін тұлғалар тобы:

4.1. Кеңес кәмелетке толмағандардың төмендегідей санаттары үшін жеке алдын алу іс-шараларын ұйымдастырады және жүзеге асырады: қаңғыбастыққа бейім, баспанасыздық, қадағалаусыз, есірткі пайдаланушылар, қоғамға қарсы іс-әрекеттері үшін ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрғандар, мектеп Жарғысын бұзушылар.

4.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдармен кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту мәселелері жөнінде жоғарыда аталғандар өз міндеттерін дұрыс ақтармаған жағдайда жекелеген жұмыстар ұйымдастырып, жүргізеді. Дәл осындай жұмыс, ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдар кәмелетке толмағандардың мінез-құлқына теріс әсер еткен жағдайда немесе оларға қатыгездік көрсеткен жағдайда да жүзеге асырылады.

5. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жұмысының түрлері мен мазмұны

5.1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі аналитикалық қызметті қамтамасыз етеді; мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы бойынша қызметі жағдайын зерттейді; оқушылардағы тәрбиелік және құқық бұзушылықтың деңгейін тексереді; мектептің алдын алу қызметі деңгейін зерттейді, өткізілетін іс-шаралардың тиімділігін, оқушылардағы қоғамға қарсы мінез-құлық салдары мен себептерін зерттейді әрі девиантты балаларды анықтайды.

5.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі оқушылар арасындағы құқық бұзушылықты айқындайды; қоғамға қарсы мінез-құлықты оқушылардың жеке істерін қарайды, олармен жеке жұмыс жоспарын құрып, мектеп директорына бекітуге береді; қажет болған жағдайда оқушыны немесе оның ата-анасын мамандар кеңесіне жолдайды (психолог, дефектолог, әлеуметтік қызметкер т.б.), ондай мінез-құлықты оқушыларды мектепшілік тізімге тұрғызу, одан шығару жұмыстарын жүргізеді; балаларға арналған

қосымша білім беру ұйымдарына тартады; тізімде тұрған оқушыларды мектептегі, қаладағы әр түрлі жұмыс істейтін еңбек бірлестіктеріне, жазғы сауықтыру компанияларына, үйірмелерге, ұжымдық жұмыстарға тартады; қолайсыз отбасылармен профилактикалық жұмысты жүзеге асырады; ӘЗ отырыстарында тізімде тұрған оқушылар туралы сынып жетекшілерінің, жеке жұмысты жүргізуге қатысы бар басқа да педагогикалық қызметкерлердің есебін тыңдайды, басқа да осы оқушылармен жасалатын жұмыстар мерзімін анықтайды.

5.3. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі ұйымдастыру қызметін жүзеге асырады; балаларды тәрбиелеу бойынша ӘЗ міндеттерін дұрыс атқармайтын ата-аналар жайлы тиісті ұйымдарға сұраныстар жолдайды, ҚР «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және олардың құқығын қорғау, балалар қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу» туралы Заңына сәйкес қаулылар қабылдап, комиссия алдында тәртібі түзелген оқушылардың тізімнен мерзімінен бұрын шығарылуы туралы ұсыныстар жасайды.

6. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құқықтары мен міндеттері.

6.1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі міндетті:

- өз міндеттерін ІБ бірлесе отырып атқаруға;
- мектепте оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс тиімділігін арттыруға;
- «тәуекел тобындағы» оқушылармен жеке дара алдын алу жұмыстарын жүргізуге;
- оқушылардың жеке істерін қарау бойынша өткізілетін Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырыстарына ата-аналарды немесе олардың орнындағы адамдарды шақыруға;
- мұғалімдер ұжымы мен ата-аналар үшін кеңестік- ақпараттық қызмет көрсетуге;
- қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалауға;
- Кеңес жұмысына талдау жасап, жылына бір рет педагогикалық кеңесте есеп беруге.

6.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құқылы:

- мұғалімдер мен ата-аналар үшін жеке және ұжымдық түрде жасөспірімдер мінез-құлық туралы ұсыныстар беруге және олармен алдын алу жұмыстарын жүргізуге;
- ата-аналар жиналыстарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық жайлы талқылауға ақпарат беруге;
- аудандық, қалалық жасөспірімдер ісі мен олардың заңды құқығын қорғау бойынша комиссия алдында оқушылар мен ата-аналарына немесе олардың заңды тұлғаларына қатысты заңмен белгіленген қатынастар негізінде тиісті шаралар қолдану туралы хаттар, сұраныстар жіберуге.

Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға қысқаша аннотация

Мектепшілік есепке алу – бұл тәрбиелік мақсаттарды көздейтін, бірақ білім беру мекемесінен тыс құқықтық салдары жоқ және қандай да бір құқықтар мен міндеттердің туындауына әкелмейтін ықпал ету шарасы және оның басты мақсаты – балаға "таңба қою" емес, жеке әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты ерекше педагогикалық назар аударуды талап ететін кәмелетке толмағандарды уақтылы анықтауға; оларды әлеуметтік-педагогикалық оңалтуға және олардың құқық бұзушылықтар мен қоғамға жат әрекеттер жасауының алдын алуға бағытталған.

Мектепшілік есепке қойылған әрбір кәмелетке толмаған бала үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық көмек, қосымша біліммен қамту кіретін профилактикалық жұмыстың жеке жоспары әзірленеді.

Мектепшілік есепке алудың тәртібі:

1. Сынып жетекшісі немесе әлеуметтік педагог, педагог психолог есепке қою себептерін негіздей отырып өтініш жазады, оқушыға мінездеме береді.
2. Профилактика Кеңесінің отырысы өткізіледі, оған ата-аналар, басқа да мүдделі тұлғалар шақырылады. Кеңесте қалыптасқан жағдаят талқыланады және барлық қатысушылардың пікірін ескере отырып, шешім қабылданады: оқушыны МЕА керек пе, жоқ па.
3. Оң шешім қабылданған жағдайда баламен жеке профилактикалық жұмыс ұйымдастырылады.
4. Егер бұл жұмыс оң нәтиже берсе, жасөспірім есептен шығарылады.

Мектепшілік есепке алу заңды салдарға әкеп соқпайды.

Білім беру ұйымының ішкі құжаттары (үлгермеушілік, жіберіп алу, мектеп Жарғысын бұзу, девиантты мінез-құлық) мектепшілік есепке алу үшін негіз болып табылады.

Мінез-құлқындағы оң өзгерістер, кәмелетке толмаған баланы оқыту, баланың өмір сүру жағдайларын жақсарту мектепшілік есептен шығару үшін негіз болып табылады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құжаттары:

6.3. Мектеп бойынша Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесін құру жөніндегі бұйрық;

6.4. Кеңес материалдары, отырыстар хаттамалары;

6.5. Мектепшілік есепте, ІІБ тізімінде тұрған оқушылар тізімдері. Бұл тізімдер жыл сайын тексеріліп, салыстырылып, жаңартылып тұрады.

6.6. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесіне ұсынылған материалдар;

Алдын алу Кеңесі отырысының хаттамалары: (білім беру ұйымдарында хаттамаларды рәсімдеуде екі нұсқа ұсынылады)

1. Хаттамалар дәптерге, қолмен толтырылады. Дәптер беттері нөмірленіп, тігіліп, мектеп директоры қолымен бекітіледі, мәр қойылады. Сыртқы бетінде қай кезде жүргізіле басталған күні жазылады.

2. Әр хаттама компьютерде теріліп, іс папкасына жинақталады, жыл аяғында барлық хаттамалар нөмірленіп, тігіледі де, директордың қолымен, мәрмен бекітіледі.

7. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жұмысының регламенті.

7.1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі айына 1 рет шақырылады. (шұғыл жағдайлардан басқа).

7.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырыстары хаттамаланып, Кеңесте қаралған құжаттар жүйеленіп, 5 жыл сақталады.

қазан	№2 отырыс 1. Мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған әлеуметтік паспортын талдау. 2. 5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерін талдау. Теріс ағымдарды насихаттайтын әлеуметтік желілердің, интернет қоғамдастықтардың мониторингін талдау. 3. Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (толық емес отбасылар, тұрмысына отбасылар, баланы өгей әкесі, өгей шешесі тәрбиелеп отырған отбасылар, үшінші тұлғалардың қамқорлығында (қорғаншылық, патронат) рейдтік іс-шараларды талдау.	әлеуметтік педагог Ералханова А. педагог-психолог Бекзатова М. ДТПЖО К.Доспаева, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы Жанабай Дәурен
Қараша	№3 отырыс 1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, қамқорлыққа толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша ата-аналармен, қамқоршылармен және жасөспірімдермен жүргізілген профилактикалық әңгімелесулер туралы есеп. 2. 5-сынып оқушыларының оқу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерттеу туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп. 3. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат. 4. Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау.	5-сынып сынып жетекшісі әлеуметтік педагог Ералханова А. ДТПЖО К.Доспаева, педагог-психолог Бекзатова М. сынып жетекшілер, мектеп инспекторы Жанабай Дәурен
желтоқсан	№4 отырыс 1. 1-2-сыныптардың оқу қызметін ұйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерделеу туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп. 2. 1-2 сыныптардағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат. 3. Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау.	1-2 сынып жетекшілері әлеуметтік педагог Ералханова А. педагог-психолог Бекзатова М., сынып жетекшілер, мектеп инспекторы Жанабай Дәурен
қаңтар	№5 отырыс 1. 2023-2024 оқу жылының 2 тоқсанына есепке алу санаттарына жататын (аз қамтылған, көпбалалы, қолайсыз, аз қамтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыспен өтеулерді талдау. 2. Профилактикалық есепке алудың барлық түрлерін де тұратын оқушылармен жүргізілетін жеке түзету жұмыстары туралы Педагог – психологтың ақпараты. 3. 10-шы және 11-ші сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп. 4. 2023-2024 оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы алдын алу Кеңесінің қызметіне талдау. 5. Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау.	әлеуметтік педагог Ералханова А. педагог-психолог 10, 11 сынып жетекшілері ДТПЖО К.Доспаева, педагог-психолог Бекзатова М. сынып жетекшілер, мектеп инспекторы Жанабай Дәурен
ақпан	№6 отырыс 1. 3-4 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау	3-4 сынып жетекшілері 9-сынып

	мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп. 2.9 сыныптағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп. 3. Балалар мен профилактикалық жұмыстың бір түрі ретінде мектептегі татуласу қызметінің жағдайы туралы. 4.Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау.	жетекшісі әлеуметтік педагог Ералханова А., педагог-психолог Бекзатова М., сыныпжетекшілер мектеп инспекторы Жанабай Дәурен
наурыз	№7 отырыс 1. 6 сыныптағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп. 2. 8 сыныптағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп. 3. Мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша "Адал Ұрпақ" мектеп клубының қызметі туралы. 4. Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау.	6-сынып жетекшісі 8-сынып жетекшісі клуб жетекшісі ДТЖОК, Доспаева, әлеуметтік педагог Ералханова А., педагог-психолог Бекзатова М., сыныпжетекшілер, мектеп инспекторы Жанабай Дәурен
сәуір	№ 8 отырыс 1. 5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивтік көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерін талдау. Суицидті және жағымсыз ағымдарды насихаттайтын әлеуметтік желілердің, интернет қауымдастықтардың мониторингін талдау. 2. 2022-2023 оқу жылының 3 тоқсанына есепке алу санаттарына жататын (аз қамтылған, көпбалалы, қолайсыз, аз қамтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыспен өтеулерді талдау. 3. 7 сыныптағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, ТТЖ тексеру және отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп. 4. Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау.	педагог-психолог Бекзатова М., әлеуметтік педагог Ералханова А., 7-сыныптың сынып жетекшісі ДТЖО К.Доспаева, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы Жанабай Дәурен
Мамыр	№9 отырыс 1. 2023-2024 оқу жылының 4 тоқсанына есепке алу санаттарына жататын (аз қамтылған, көпбалалы, қолайсыз, аз қамтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыспен өтеулерді талдау. 2. Оқудың барлық түрлерінде тұратын оқушылармен жазғы демалысты және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру туралы әңгімелесу. 3. Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау. 4. Алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оқу жылындағы қызметіне талдау.	ДТЖО К.Доспаева, әлеуметтік педагог Ералханова А., педагог-психолог Бекзатова М., сынып жетекшілер, мектеп инспекторы Жанабай Дәурен

ТҰРКІСТАН ОБЛЫСЫ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ
ТӨЛЕБИ АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ



№8 ЖЖБМ
мектебінің директоры
М.Дуйсеевке

Төлеби ауданы, Ленгiр қаласында орналасқан №8 жалпы бiлiм беретiн мектебiнен, кәмелетке толмаған оқушылары арасында және жайсыз отбасылар Төлеби аудандық полиция бөлiмiнде профилактикалық есебiнде ешкiм тұрмайды.

Анықтама тиiстi орынға берiледi.

Төлеби АПБ-нiң ЖПҚБ ЮПТ УПН
полиция лейтенанты



Д.Жанабай

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ
ТӨЛЕБИ АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ



№8 ЖЖБМ
мектебін директоры
М.Дуйсеевке

Төлеби ауданы,Ленгiр каласында орналасқан №8 жалпы бiлiм беретiн мектебiнен, кәмелетке толмаған оқушылары арасында және жайсыз отбасылар Төлеби аудандық полиция бөлiмiнде профилактикалық есебiнде ешкiм тұрмайды.

Анықтама тиiстi орынға берiледi.

Төлеби АПБ-нің ЖПҚБ ЮПТ УПН
полиция лейтенанты



Д.Жанабай

**«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңес отырысының
Хаттамасы № 1**

«23» қыркүйек 2023 жыл

Қатысқандар:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің төрағасы;
Мектеп директоры –М.Е.Дуйсеев
2. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары –К.У.Доспаева
3. Әлеуметтік педагог- А.Ералханова
4. Педагог-психолог- М.Бекзатова
5. Тәртіп сақтау тобы жетекшісі -Б.Абдиев
(Кәсіподақ ұйым төрағасы)

Күн тәртібіне:

1. Алдын алу Кеңесінің ережесімен танысу.
2. Алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу;
3. Оқушыларды мектепшілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы ережемен таныстыру.
4. Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтың жұмыс жоспарын бекіту;
5. Оқушыларды мектепшілік үйірме ,секцияларға тарту.
6. Бірлескен жоспарды бекіту;

Тыңшалық:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры-М.Е.Дуйсеев сөз алды:

• Мектептегі құқықтық кеңесі бойынша мүшелерімен және жұмыстарымен, құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің ережесімен таныстырып жоспар бойынша атқарылатын іс-шаралар туралы айтты.

ДТЖО –К.У.Доспаева –2023-2024 оқу жылында құқық бұзушылықтың алдын алуға арналған жұмыс жоспарлары құрылып отыр.Осы жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылатын болады.Жеке тұлғаға құқықтық тәрбие беру жөнінде отбасы тәрбиесі мен білім ошағында берілетін сан-салалы тәрбие түрлерінің сабақтастығын қалыптастыру басты назарда болады. Бірлескен тәрбие ісінің озық үлгісін жасау. Құқықтық тәрбие беруде ата-аналарды мектеп өміріне тарту арқылы мектеп пен отбасы жұмысын ықпалдастыру және педагогикалық ұжыммен тығыз байланыс орната отырып, әрбір баланың құқықтық – адамгершілік қабілетін толық ашу мен дамытуға мүмкіндік жасау.

Отбасын зерттеу ата-ананың құқықтық саналылығын жетілдіру арқылы көзқарасына әсер ету және ата-аналарды мектеп өміріне тарту құқық бұзушылықтың алдын алудағы бірлескен іс-шараларын бала тәрбиесіндегі мектеп пен отбасы жұмысын ықпалдастыру туралы және бүгінгі таңдағы елдің ертені деп сенген жастардың қиын тәрбиесі негізінде, сот өз міндеттеріне немқұрайлы қараған балалардың ата-аналарымен көшеде бақылаусыз, қараусыз қалғып жүріп, балалықпен, түсінбеушілікпен әртүрлі қылмысқа ұрынып қалмауы үшін тәрбиелік мәні бар әңгімелер өткізу қажеттігін, оқушыларға полиция қызметкерінің қатысуымен әртүрлі лекциялар мен кездесулер ұйымдастыру керектігін өз сөзінде айтып өтті.

Қаулы:

1. 2023-2024 оқу жылына арналған құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмыс жоспарлары , жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтың жұмыс жоспары,мектеп инспекторымен мектеп жұмысының бірлескен жоспары құрылып бекітілсін.

Кеңес төрағасы:  М.Дуйсеев
Хатшы:  А.Амзхарова Ж

«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңес отырысының
№ 2 хаттамасы

«24» қазан 2023 жыл

Қатысқандар:

2. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің төрағасы:
Мектеп директоры –М.Е.Дүйсеев
2. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары –К.У.Доспаева
3. Әлеуметтік педагог- А.Ералханова
4. Педагог-психолог- М.Бекзатова
5. Тәртіп сақтау тобы жетекшісі -Б.Абдиев
(Кәсіподақ ұйым төрағасы)
Сынып жетекшілер.

Күн тәртібінде:

1. 8-11 сынып оқушыларынан алынған сауалнамасының нәтижесі бойынша мәлімет.
2. 2023-2024 оқу жылы барысында оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету және «Мектепке жол» акциясының өтілу барысы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры-М.Дүйсеев сөз алды – саламатсыздар ма,бүгінгі құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесесінің отырысында жоғарыда көрсетілгендей 2 мәселе қаралатын болады.Бірінші мәселе бойынша мектебіміздің педагог-психологы Бекзатова М сөз кезегін беремін.

Педагог-психолог Бекзатова М

-01.10-15.10 аралығында 8-11 сынып оқушылары арасында сауалнама алынды.Сауалнама алудың мақсаты:Оқушылардың бойларындағы депрессия,мазасыздық деңгейін анықтау.Оқушыларға хал-жағдайына байланысты 21 сұрақтан тұратын сауалнама таратылды,содағ соң оқушылар хал-жағдайына көбірек сәйкес келетін нөмірлерді шеңбермен қоршайды.Жүргізілген сауалнаманы қорытындылау арнайы жауабы берілген критерийлері бойынша қорытындыланды.Нәтижесінде сауалнамасына қатысқан оқушылардың жалпы саны -27 қатыспағаны-0. Алынған сауалнамалар өңдеу шкаласы бойынша қорытындыланды.Оқушылардың бойларында жоғарғы деңгейдегі мазасыздық,депрессия анықталмады.

ДТЖО –К.Доспаева: Оқу жылының басында мектебімізде «Мектепке жол» акциясы өтілгендігі баршамызға белгілі.Олай болса 2-мәселе бойынша әлеуметтік- педагогқа сөз беріледі.

Әлеуметтік- педагог Ералханова А

2022-2023 оқу жылы «Мектепке жол» акциясы аясында мектеп оқушыларына әлеуметтік көмек көрсету бойынша шара ұйымдастырылды.Бұл акцияның мақсаты-әлеуметтік қорғалмаған және аз қамтылған отбасынан шыққан мектеп оқушыларына,жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету.Осы оқу жылында мектебіміздің жекелеген санаттағы оқушыларына осы акция аясында атсалысып демеушілік көрсеткен жеке тұлғалар да болды.Оқушыларға мектеп формасы,спорттық киім,аяқ киім,сумкалар,оқу құралдар берілді.

Қаулы:

1. 8-11 сынып оқушыларынан алынған сауалнама нәтижесін назарда ұстау
- 2.2023-2024 оқу жылы барысындағы оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету және «Мектепке жол» акциясының өтілу барысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

Кеңес төрағасы  **М.Дүйсеев**

Хатшы:  **Амзбаева Ж**

**Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңес отырысының
№ 4 хаттамасы**

«24» қараша 2023 жыл

Қатысқандар:

3. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің төрағасы:
Мектеп директоры –М.Е.Дуйсеев
2. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары –К.У.Доспаева
3. Әлеуметтік педагог- А.Ералханова
4. Педагог-психолог- М.Бекзатова
5. Тәртіп сақтау тобы жетекшісі -Б.Абдиев
(Кәсіподақ ұйым төрағасы)
6. КТІЖ УПИ полиция инспекторы Жанабай Дәурен
Сынып жетекшілер.

Күн тәртібінде:

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, көмексіздікке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша ата-аналармен, қамқоршылармен және жасөспірімдермен жүргізілген профилактикалық әңгімелесулер туралы есеп.
- 2.Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат.
3. «Әр бала бақытты болуға лайықты» баяндама.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры- М.Е.Дуйсеев сөз алды –сауатсыздар ма,бүгінгі құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысында жоғарыда көрсетілгендей 2 мәселе қаралатын болады.Бірінші мәселе бойынша КТІЖ УПИ полиция инспекторы Жанабай Дәурен сөз кезегін беремін.

КТІЖ УПИ полициясы Жанабай Дәурен:

-Қазіргі заманғы отбасы көптеген қолайсыз дағдыны басынан кешіп отыр.Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық жағдайлары көбірек кездесіп отыр.Кез келген тұлға оның ішінде кісі өлтіруші (киллер) оның ішінде қарақшы тұлғасы да жаңұяда қалыптастырады.Яғни сол жерде жасалатын,әсіресе құқыққа қайшы зорлық-зомбылық іс-әрекеттерінің маңыздылығы ерекше.Осындай жағдайларда отбасы адамның психологиялық қорғаныс орталығы ролін атқара алмайды,тәрбиелеу функцияларын орындай алмайды.Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықтың орын алуы және осы себептен жеке тұлғаның бала кезінде қолайсыз жағдайда қалыптасуы көбінесе кәсіпкердікті тудырады,келешекте балалардың құқықбұзушылық әрекеттерін жасауына итермелейді,қоғамға адамгершілік жағынан орны толмас зиян келтіреді.Әке мен анаға,ата мен әжеге деген құрметтің бастапқы түп қазығы жоғалуда.Осы орайда осындай келенсіз жағдайларды болдырмаудың алдын алу мақсатында ата-аналармен, қамқоршылармен және жасөспірімдермен кездесулер,дөңгелек үстел,сайыстар т.б жұмыстар жүргізілді. **Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары –К.Доспаева:**

-2023-2024 оқу жылында мектебімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар атқарылуда.КТІЖ УПИ полициясы Жанабай Дәурен білім алушылармен ,ата-аналармен ,қамқоршылармен кездесу барысында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған нормативтік құжаттармен таныстырып ,ақпараттандырылды. Қызығарға газеттері шығарылып,ақпараттық қағаздар таратылды.Алдағы уақытта да бұл жұмыстар жалғасын табады.Желтоқсан айында әке мен баланың ынтымақтастығын арттыру мақсатында «Бір әкенің тәрбиесін 100 мектеп бере алмайды»тақырыбындағы челленджер мен кездесулерді жоспарлап отырмыз.Қыздар тәрбиесіне байланысты мектебімізде арнайы «Бойжеткен» клубы жұмыс жасайды.

Сынып жетекші Ештаева А:

-Отбасылық тәрбиесіз баланың үйлесімді дамуы мүмкін емес.Бұл тәрбие қоғамдық тәрбиемен бірлесіп нығайтуды қажет.Отбасы мен қоғам бір жүйенің кіші және үлкен үлгілері. В.Сатир жазғандай : «Отбасы қоғамдағы біріктіретін күш болуы керек,оның алатын кеңістігі мен мүшелерінің саныныңшағындығы соншалықты олар бір-бірі туралы бәрі білетін,тіпті бір

бөлмеге-ақ сынып кететін қоғамның санауды одақтарының бірі».Отбасы туралы жаңа ұрпақтарды қоғамдық тәрбиелеудің бөлігі ретінде айта отырып,оның осы жүйедегі мәнділігін назардан тыс қалдырмау керек. Өз баяндамамды қорыта келе отбасындағы өмір сабақтары балаға әрекет жасаудың нұсқасы ретінде әлеуметтік ақпаратты таңдап қабылдауға,өңдеуге ,менгеруге немесе қабылдамауына негіз болады. Олай болса саналы ұрпағымыздың болашағы үшін үштік одағымызды нығайту керек деп ойлаймын.

Қаулы:

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша алдын алу жұмыстарын жалғастыру,мектеп қабырғасында оқушылардың буллинг алмауынасадағалансын.

Кенес төрағасы:



М.Дуйсеев

Хатшы:



Астеibaeva

Бекітемін
Мектеп директоры: М.Дүйсеев

«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Кеңес мақсаты: «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қазағалаусыз және панаһсыз қалуының алдын алу туралы кәмелетке толмағандардың заңға мойынсынушылық мінез-құлқын қалыптастыру, оларға адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін дарыту. Алдын алу кеңесі құқық бұзушылықтың алдын алу процесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың, қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіреді.

Алдын алу Кеңесі қызметінің міндеттері:

- оқушылар арасындағы құқық бұзушылық проблемаларының жағдай-күйіне мониторинг жасау;
- құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жүйені құру және жұмысты ұйымдастыру;
- кәмелетке толмағандардың қазағалаусыз қалуына, олардың қылмыс, құқық бұзушылық, қоғамға жат іс-әрекеттер жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;
- әлеуметтік қауіпті жағдайдағы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық оңалту;
- кәмелетке толмағандарды қылмыстық немесе қоғамға қарсы қызметке тарту жағдайларын анықтау және жолын кесу.

Айы	Тақырып	Жауаптылар
Қыркүйек	Алдын алу кеңесі құрамын бекіту.	директор ДПЖО К.Доспаева, әлеуметтік педагог Ералханова А., педагог-психолог Бекзатова М., сыныпжетекшілер, мектеп инспекторы Жанабай Дәурен
	№1 отырыс 1. Алдын алу Кеңесінің ережесімен танысу. 2. Алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу; 3. Оқушыларды мектепшілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы ережемен таныстыру. 4. Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтың жұмыс жоспарын бекіту; 6. "Тәуекел тобындағы" оқушыларға, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққан балаларға, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балаларға, ЖББМ және профилактика жүйесі органдарында есепте тұрған балаларға деректер банкіні қалыптастыру және түзету, сынып оқушыларының деректерін мектептің әлеуметтік паспортына түзету. 7. Мектеп инспекторымен мектеп жұмысының бірлескен жоспарын бекіту; 8. 2023-2024 оқу жылына арналған отбасылардағы өзара қарым-қатынастарды зерттеу бойынша іс-шаралар кестесін бекіту. 9. Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту	